

Пән/Предмет: Қазақ тілі (орыс тілінде оқытатын сыныптардағы)

1-15 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 1 ұнай беріледі]

1. Зат есімді табыңыз.

- A. Бұлт
- B. Жеті
- C. Қара
- D. Күлу
- E. Жасыл

2. Сөз мағынасын не зерттейді?

- A. Фонетика
- B. Лексика
- C. Грамматика
- D. Синтаксис
- E. Морфология

3. Архаизм сөзінің мағынасы қандай?

- A. Жаңа сөз
- B. Көнерген сөз
- C. Мақал
- D. Мәтел
- E. Сөз тіркесі

4. Сөздің ең бастапқы мағыналық бөлшегін не деп атайды?

- A. Қосымша
- B. Жалғау
- C. Түбір
- D. Жұрнақ
- E. Шылау

5. Буын үндестігін тағы қалай атауға болады?

- A. Пунктуация
- B. Морфология

С. Сингормонизм

Д. Стыль

Е. Табу сөздер

6. Қай сөз қате жазылған?

А. Жақсылық

В. Дүкен

С. Ащы алма

Д. Ашты алма

Е. Орындық

7. «Кішіпейіл» сөзі неше буыннан құралған?

А. 4

В. 1

С. 2

Д. 3

Е. 5

8. Жітелетін сөзді табыңыз.

А. Ауа

В. Ойын

С. Көктем

Д. Ыдыс

Е. Оқушы

9. Дара сөзге қайсысы жатады?

А. Қысқарған сөз

В. Біріккен сөз

С. Түбір сөз

Д. Тіркескен сөз

Е. Қос сөз

10. Қайсысы сөзге жаңа мағына үстейді?

А. Шылау

В. Жұрнақ

С. Түбір

Д. Септік жалғауы

Е. Жіктік жалғауы

11. Сөздер құрамына қарай қалай бөлінеді?

- A. Негізгі, дара
- B. Дара, күрделі
- C. Түбір, негізгі
- D. Түбір, дара
- E. Күрделі, жұп

12. Дара зат есімді табыңыз.

- A. Жақсы
- B. Аға
- C. Өнеркәсіп
- D. Күлу
- E. Ата-ана

13. Синонимді табыңыз.

- A. Дыбыс, әуен
- B. Қатар, тәртіп
- C. Жұп, сыңар
- D. Оқушы, мектеп
- E. Тәртіпті, ақылды

14. Сингормонизм заңына бағынебай тұрған сөз қайсы?

- A. Мектепішілік
- B. Алтыншаш
- C. Бала-бақша
- D. Өнеркәсіп
- E. Емхана

15. «Дыбыс» сөзінің синонимін табыңыз.

- A. Фонетика
- B. Әріп
- C. Алфавит
- D. Фонема
- E. Синтаксис

16-25 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 2 ұпай беріледі]

16. Неологизм қатысқан сөйлемді белгілеңіз.

- A. Дарын – жақсы оқушылардың бірі.
- B. Зәуре анасына гүл сыйлады.
- C. Марат телефон сатып алды.
- D. Кітап оқыған пайдалы.
- E. Орындықта түзу отыр!

17. Тура мағынасындағы тіркесті анықтаңыз.

- A. Күннің көзі
- B. Тәрбиенің көзі
- C. Баланың көзі
- D. Білімнің көзі
- E. Дүниенің көзі

18. Сөздің негізгі мағынасы қалай аталады?

- A. Ауыспалы мағына
- B. Тура мағына
- C. Синоним
- D. Омоним
- E. Антоним

19. Жұрнақ арқылы жасалған сөз қалай аталады?

- A. Туынды сөздер
- B. Қысқарған сөздер
- C. Біріккен сөздер
- D. Тіркескен сөздер
- E. Қос сөздер

20. Болжалды келер шақта тұрған сөйлемді белгілеңіз.

- A. Менің арманым көп.
- B. Келемін тау ішінде түнделетіп.
- C. Мен осы жазда барармын енді.
- D. Біз биыл лагерьге бардық.
- E. Сен қайда жүрсін?

21. Шылауы бар сөйлемді анықтаңыз.

- A. Асхат пен Қанат ойнап жүр.
- B. Балалар келді.

- С. Күн жылына бастады.
- Д. Олар шамалы демалып алды.
- Е. Бүгін ерте қайттық.

22. Жалғау арқылы байланысқан сөздерді табыңыз.

- А. Ну орман
- В. Үйге ұарай
- С. Ақылды бала
- Д. Ыстық ауа
- Е. Қызық оқиға

23. Кейбіреулер Асқарды танымай тұр.

Асты сызылған сөз қай сөз табынан жасалған?

- А. Зат есім
- В. Сан есім
- С. Сын есім
- Д. Есімдік
- Е. Одағай

24. Қаратпа сөзді табыңыз.

- А. Балалар тысқа шықты.
- В. Балалар осы фильмді таңдады.
- С. Балалар бүгін театрға бармақшы.
- Д. Балалар қуанып отыр.
- Е. Балалар, оқулықты ашыңдар!

25. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын тыныс белгі

- А. Нүкте
- В. Сызықша
- С. Кқп нүкте
- Д. Нүктелі үтір
- Е. Үтір

26-30 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 3 ұпай беріледі]

Пифагорды Апаллон Құдайының шәкірті деп санаған. Ал біз оның ауқатты финикиялық саудагер Мнесархтың ұлы болғанын білеміз. Пифагор бар өмірін ілім іздеуге арнаған. Өмірінің алғашқы жылдарында Лесбос аралы мен Милетте көне грек ғалымы Фалес пен оның шәкірті Анаксимандрдан тәлім алады. Кейіннен білімін жетілдіру үшін Мысыр еліне барып, 22 жыл қазіргі Александрия қаласында болады. Сосын Мысырды жаулаған парсыларға тұтқынға түсіп, тағы 12 жыл өмірін көне Бабыл (Вавилон) өркениетінің ғылымын оқумен өткізеді. Тұтқындағы ғалымға көзі түскен парсы патшасы Дарий I Пифагорды тұтқыннан босатады. Азат болғаннан кейін еліне оралуды ниет еткен Пифагордың жасы 70-ке келіп қалған болатын. Ол өз мектебін ашу үшін Италияның Кратон қаласын таңдайды.

Жасөспірімдер Пифагор шәкірті атану үшін кем дегенде 5 жыл оның дәрістерін үнсіз тыңдау керек болатын. Оларға сұрақ қою мүмкіндігі берілмеген. Пифагорлықтар «Бүкіл ғалам цифрлық негізден тұрады» деп білген. Әрбір затқа немесе жағдайға бір сан немесе геометриялық пішін сәйкес келеді деп сенген. Мысалы, адам тәні – 210, от – 11, ауа – 13, су – 9 санымен белгіленген. Пифагор барлық геометриялық пішіндер ішінен шарды көп зерттеп, жердің шар тәрізді екенін ең алғаш айтқан ғалым. Оның бұл гипотезасы 15 ғасыр өткен соң (Джордано Бруно тезисі) расталады.

26. Пифагорды тұтқыннан құтқарушы кім?

- A. Фалес
- B. I Дарий
- C. Мысырлықтар
- D. Дж. Бруно
- E. Өзі

27. Пифагордың шәкірті атану үшін қандай шарттары болды?

1. Бес жыл оның дәрістерін үнсіз тыңдау керек.
2. Пифагорға жиі сұрақ қою керек.
3. Пифагорға сұрақ қоймай тыңдау керек.

- A. Барлығы қате
- B. 1, 2
- C. 1, 3
- D. Барлығы бұрыс
- E. Барлығы дұрыс

28. І Дарий патша Пифагорды тұтқыннан не себепті босатты?

- A. Біліміне тәнті болды
- B. Ескі таныстар болғаны үшін
- C. Жақсы достар болғаны үшін
- D. Мінезіне ашуланды
- E. Өз пайдасын ойлады

29. Пифагордың ашқан ең маңызды ғылыми жаңалығы

- A. Жел бағыттарын анықтаған
- B. Алғашқы кітапты ойлап тапқан
- C. Тау құрылымын зерттеген
- D. Өзен ағыстарының құпиясын ашқан
- E. Жердің дөңгелек екенін дәлелдеген

30. Мәтін үлгісін анықтаңыз.

- A. Ертегі
- B. Очерк
- C. Хикая
- D. Повесть
- E. Ақпараттық мәтін